

**Орал қалалық білім бөлімі
Ә. Молдағұлова атындағы №38 МЛ**

«Әлемді өзгерткен ұлы оқиғалар»

(дүние жүзі тарихынан 10-11 – сыныпқа арналған курс бағдарламасы)

Т.Б. Киясов пен Н.С. Киясованың іс – тәжірибесінен

Қалалық expertтік комиссиясының отырысы
Хаттама №3 (27.03.2020 ж)

Орал 2020 жыл

Құрастырушылар:

Киясов Т.Б. – Облыстық білім басқармасы білім беруді дамыту орталығы техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің әдіскері

Киясова Н.С. - Ә.Молдағұлова атындағы №38 мектеп - лицейінің жоғары санатты тарих пәнінің мұғалімі, педагог - зерттеуші

Пікір жазғандар: А.С. Байбулсинова БҚМУ, тарих ғылымының докторы, Қазақстан тарихы кафедрасының доценті.

С.Д. Тулегенова Ә. Молдағұлова атындағы №38 МЛ бірінші санатты тарих пәнінің мұғалімі. Педагог – сарапшы.

Курс бағдарламасы 10 - 11 – сыныптарда дүние жүзі тарихы пәнін (тереңдетіп) кең көлемде меңгерту және пән бойынша орта буында алған білімдерін әлдеде толықтырып, бекіту үшін ұсынылады. Бағдарлама әлем өркениетіне әсер еткен тарихи оқиғаларды біліп, түсініп сараптауға арналаған. Әр тарихи оқиғаның адамзат тарихында болған түбегейлі бетбұрысқа әкелген маңызын талдап, бағалауға үйретеді.

Курс бағдарламасында орта ғасырлардан бастап, қазіргі заман кезеңі қамтылды. Бағдарлама үш тараудан тұрады, әр кезеңнің ерекшелігін анықтап, оқушыларға өз білімдерін жүйелеуге ыңғайлы. Курстың мазмұны көп көлемді, қызықты материалдарға толы. Бағдарламаға сәйкес құрастырылған қысқа мерзімді жоспарлары тіркелген.

Тарих пәнінің мұғалімдеріне әдістемелік құрал ретінде ұсынылады.

«Әлемді өзгерткен ұлы оқиғалар» курс бағдарламасы

Түсінік хат

Адамзат тарихы бір қалыпты дамыған жоқ. Тарихтың әр бір кезеңінде түбегейлі өзгеріске әкелген оқиғалар мен жаңалықтар болды. Олар адамдардың көзқарасын өзгертіп, геосаясаттың өзгеруіне өз ықпалын тигізді. Сонымен қатар, өркениеттің өзегін қалап, әлемнің саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени бетбұрысына әкелді. Соның ішінде кейбір оқиғалар бір тарихи тұлғамен этносқа байланысты өзгерсе, кейбіреулері діни және рухани жағдайға байланысты болды. Кейбір оқиғалар экономикаға байланысты болса, кейбір оқиғалар соғыстар мен қантөгіске байланысты болды. Сондықтан, қазіргі жағдайда әр тарих пәнінің мұғалімнің миссиясы - адамзат тарихында болған оқиғалардың мәні мен мазмұның өскелең ұрпаққа дұрыс түсіндіру ғана емес, сонымен бірге сол болған оқиғаны талдап, олардың шын мәнінде өркениеттің прогрессті немесе регрессті дамуына тигізген ықпалын сараптап, оларды бағалап, олардан сабақ алуға үйрету. Осыған орай, «Әлемді өзгерткен ұлы оқиғалар» атты курс бағдарламасы құрылды.

Бағдарлама курсы адамзат тарихында орта ғасырлардан бастап қазіргі заманға дейін болған елеулі оқиғаларды қамтыды. Нақтырақ айтсақ, V ғасырдан бастап, XX ғасырдың аяғына дейін. Курста қамтылған тақырыптар оқушылардың тарихи сана – сезімін қалыптастыруға әсер етеді. Оқушыларды ізденіспен, шығармашылықпен жұмыс істеуге баулиды. Тарихи оқиғалардың маңыздылығын бағалауға, азаматтық позициясын ұстануды тәриелейді.

Бағдарлама курсы 10-11 сыныптарға дүние жүзі тарихы материалдарын (тереңдетіп) кең көлемде меңгертуге арналған.

Курстың мақсаты: орта ғасырлардан бастап, қазіргі заманға дейін әлемді өзгертуге ықпал еткен тарихи оқиғалардың мәні мен мазмұнын аша отырып, олардың тарихи маңызын талдап, баға беруге үйрету.

Міндеттері:

- Ұлы тарихи оқиғалардың мазмұның түсіндіру арқылы, әр оқиғаға оқушылардың тарихи көзқарастарын қалыптастыру;
- Оқиғалардың өзекті мәселелерін талдау арқылы, олардың әлемнің өзгеруіне тигізген ықпалын сараптау;
- Оқиғалардың әлемнің өзгеруіне тигізген тарихи маңызын бағалау;
- Пән бойынша орта буында өткен білімдерін қайталап бекіту;
- Оқушылардың логикалық қабілеттерін дамыту, сын тұрғысынан талдауға баулу;
- Коммуникативті қабілеттерін қалыптастыру, топтық жұмыста өзіндік көзқарасын растау қабілеттер дамыту;
- Тарихи кезеңде басты роль атқарған тұлғалардың өнегесін зерттеу арқылы азаматтық сана – сезімін қалыптастыру;

Күтілетін нәтиже:

- Білу, түсіну, қолдану арқылы оқушылардың пән бойынша білімдік қоры кеңейіп, бекітіледі;
- Әлемдік өзгерістерге әсер еткен оқиғаларға дұрыс түсінігі қалыптасып, дүниетанымдық көзқарастары тұрақтанады;
- Талдау, жинақтау, бағалау үдерістерін іске асыру арқылы оқушылардың өздігінен жұмыстану дағдылары одан әрі дамиды;
- Ақпаратқа сындарлы көзқарастары қалыптасып, жеке пікір – ойлары тұрақтанады;

Негізгі білім және дағды:

- Дүние жүзі тарихына тікелей әсер еткен нақты тарихи мағлұматтарды сараптау;
- Тарихи оқиғалардың мазмұны туралы ақпаратты білу;
- Тақырыпқа байланысты құжаттармен, анықтамалық материалдармен, ғылыми – танымал дерекнамалармен, тарихи әдебиеттермен, слайд материалдарымен, бейне материалдарымен, картамен, интернет ресурстармен жұмыс істеу;
- Өздігінен зерттеу, тарихи материалдарды жинақтау, шығармашылықпен айналысу;
- Оқиғаларың саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени ерекшеліктерін ажырату, оларға баға беру;

Іске асыру жағдайы: тарих кабинеті, карталар жинағы (тақырыпқа сай), атластар, ғылыми – әдістемелік әдебиет, тарихи тұлғалардың портреттері, дидактикалық және үлестіру материалдары.

Әдістемелік жұмыстың әдіс – тәсілдері:

- кері байланыс арқылы өтетін дәріс;
- құжаттарды талдау арқылы өтетін дәріс;
- әңгімелесу;
- топтық жұмыс, флипчарт жасау, постер қорғау;
- семинарлар, практикалық жұмыстар;

Оқушылардың алған білімдерін бекіту үшін және білімділік іс – әрекетін нақтылау үшін келесі жұмыс түрлері өткізіледі:

- проблемалық тапсырмалар;
- тарихи диктанттар;
- қорытындылау сұрақтары мен тапсырмалары;
- тест тапсырмалары, эссе;

Аталған әдіс – тәсілдер оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, білімділік және біліктілік іс – әрекетін ынталандыруға бағытталған.

Курсты оқытуды аяқтау формасы: зерттеу жұмысы, пікірталас, диалогтық оқыту, сын тұрғысынан ойлау.

Курстың бағдарламалық мазмұны «Халықтардың ұлы қоныс аударуы және Батыс Рим империясының күйреуі» тақырыбынан басталып, «КСРО-ның ыдырауы және әлемдік жаһандану үдерісі» тақырыбымен аяқталады және үш тараудан тұрады:

- I тарау: Орта ғасырлар кезеңі (12 сағат);
- II тарау: Жаңа заман кезеңі (12 сағат);
- III тарау: Қазіргі заман кезеңі (8 сағат);

Сондай –ақ, 1 сағат кіріспеге берілсе, 1 сағат қорытынды қайталауға, яғни өткен ұлы оқиғаларға тарихи баға беруге арналады.

Барлығы – 34 сағат, аптасына 1 сағаттан жүргізіледі.

Қажетті жағдайда қосымша сағаттардың берілген көлеміне сәйкес курс бағдарламасын ұзартуға болады. Берілген 34 сағаттың орнына 68 сағатға ұзартуға болады. Өйткені бағдарламада ұсынылған тақырыптар ауқымы көлемді және күрделі, сондықтан апталық жүктемені 1 сағаттың орнына 2 сағат өткізуге болады.

Курстың мазмұны мен құрылымы:

Апталық жүктемесі – 1 сағат, барлығы – 34 сағат

Мазмұны:

Кіріспе – 1 сағат

I ТАРАУ. Орта ғасырлар кезеңі (12 сағат). Қамтылатын кезеңі – V-XVI ғ.ғ.

Тарауда қамтылатын тақырыптардың мазмұны:

1. Халықтардың ұлы қоныс аударуы Батыс Рим империясының ыдырауына қандай ықпал еткені туралы айтылып, Рим империясының ыдырауы өркениетке қандай өзгеріс әкелгені талқыланады. Соның ішінде ғұн империясының рөліде ескеріледі;
 2. Қолөнердің ауыл шаруашылығынан бөлінуі қалалардың пайда болуына әкелген негізгі оқиға екені сараптай отырып, қалалардың пайда болуы өркениеттің қайнар көзіне айналғаны дәлелденеді;
 3. Исламмен католик шіркеуінің қарама қайшылығы қаралып, аталған діндердің орталықтанған мемлекеттердің пайда болуына тигізген әсеріне сараптама жасалады;
 4. Крест жорықтарының Шығыс елдеріне тигізген зардаптары қаралып, Шығыстан алған сабақтарының прогрессті рөлі бағаланады;
 5. Моңғол – татар жаушылық соғыстарының еуроазиялық континетінде тигізген зардаптарын анықтап, моңғолдардың этносаяси картасының қалыптауына әсер еткені талқыланады;
 6. Жүзжылдық соғыстың Еуропа абсолютізімінің қалыптасуына қандай ықпалы болғандығы, Еуропада Англия мен Францияның бәсекелестігіне әкелгені тарихи мағлұматтарды талқылау арқылы көрінеді;
 7. XV ғасырдағы Ресей абсолютізімінің қалыптасуы, оның күшеюінде IV Иванның рөлі бағаланады. Кнәздіктен патшалыққа өту үдерісі зерттеледі;
 8. Осман империясының күштілігі, олардың мемлекеттің құрылымдағы Шығыс абсолютізмнің ерекшелігі және Батыс абсолютізмнен айырмашылығы зерделеніп, Осман мемлекеті қалай державаға айналғаны туралы тарихи дәлелдемелер қаралады.
 9. Ұлы географиялық ашулардың прогресстің мәні мен мазмұны ашылып, сонымен қатар, ұлы географиялық ашулардың отарлық жүйенің қалыптасуына, Батыс Еуропа елдерінің ұлы державалық деңгейге жетіп, басқа континентерді өздеріне тәуелді қылып, отарлық жүйенің қалыптасуына әкелгені қаралады;
 10. Қайта өрлеу мәдениетінің өркениеттің дамуына тигізген тарихи рөлі бағаланады;
 11. Тарихи жаһандануға жол ашқан, XVI ғасырдағы ғылыми революцияның тарихи маңызы анағталады;
- I тараудың соңғы сағаты өткен тақырыптарды қайталап, қорытынды жасауға, ортағасырлардағы ұлы оқиғаларға тарихи баға беруге арналады.

II ТАРАУ. Жаңа заман кезеңі (11 сағат). Қамтылатын уақыты – XVII- XIX ғасырлар.

Тарауда қамтылатын тақырыптардың мазмұны:

1. Ағылшын буржуазиялық революциясының тарихи маңызы бағаланып, феодалдық құрылыстың ыдырау себебімен капиталистік құрылыстың мәні мен мазмұны ашылады;

2. Өнеркәсіп төңкерісінің прогрессивті дамуына әсер еткен білім мен ғылымының дамуының рөлі бағаланады, индустриалды қоғамда әлеуметтік қайшылықтардың тереңдеуіне әсер еткен факторлар көрсетіледі;
3. XVIII – XIX ғасырлардағы ағартушылық идеялардың қоғамдағы идеологияның өзгеруіне тигізген әсеріне талдау жасалады;
4. АҚШ-тың құрылуына тарихи баға беріп, жаңа демократиялық басқару формаларымен танысады;
5. Ұлы Француз революциясының кезеңдеріне талдау жасалып, революцияның басшыларына баға беріледі. Революцияның тарихи маңызы анықталады;
6. Ресей империясының дамуына үлесін қосқан І Петрдың еңбегі бағаланады, «Ұлы елшіліктік» прогрессивті мәні ашылады;
7. Германияның бірігуінің тарихи маңызы ашылып, елдің бірігу үдерісінде басты рөл атқарған Отто фон Бисмарктың еңбегі бағаланады;
8. Басыбайлық жүйенің Ресейдің дамуына келтірген кедергілері дәлелденіп, Ресей экономикасының жаңа форматтағы даму деңгейі көрсетіледі;
9. АҚШ – тағы құлдықты жою – адамзат тарихындағы адами фактордың өсуіне әкелгені көрсетіледі;
10. XIX ғасырдағы Еуропаның мәдени дамуына баға беріледі. Жаңа идеологиялық көзқарастардың пайда болуына тигізген әсері талқыланады;
11. Білім мен ғылымның прогрессивті рөлі бағаланады;

III ТАРАУ. Қазіргі заман тарихы (9 сағат)

Тарауда қамтылатын тақырыптардың мазмұны:

1. XX ғасырдың басындағы азулы капиталисттік елдердің арасындағы қарама – қайшылықтар мен танысып, бірінші дүниежүзілік соғыстың себеп салдарын талқылайды;
 2. 1917 жылғы Ресейдегі революциялар және Азияның оянуына тигізген рөлін бағалайды;
 3. Социалистік шаруашылықтың даму ерекшелігімен танысып, КСРО –дағы ЖЭС, ұжымдастыру және индустрияландыру шараларының мәні мен мазмұнын ашады;
 4. Фашизмнің адамзат тарихына тигізген зардаптарымен сараптап, екінші дүниежүзілік соғыстың себеп салдарын біледі;
 5. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі пайда болған екі полюстік жүйенің пайда болу себептерімен танысып, «Қырғи қабақ соғыстың » себебін анықтайды және капитализммен социализмнің арасындағы бәсекелестіктің мәні мен мазмұнын түсінеді;
 6. Ғарышты игерудің тарихи маңызын анықтап, КСРО-ның ғаламшардағы көшбасшылық рөлінің өскенін көреді;
 7. Екі полюсті әлемнен көпполюсті әлемге бағыт алу жолдарымен танысып, «Қырғи қабақ» соғыстың салдарын талдайды;
 8. ҒТР – ғылыми – техникалық прогресстің жаңа кезеңі – жаһандық инновациялануға жол ашқаның дәлелдейді;
 9. КСРО-ның ыдырауының себеп салдарын анықтап, және әлемдік жаһандану үдерісіне КСРО – ның ыдырауы қалай ықпал еткенімен танысады;
- Соңғы сабақ жалпы курс бойынша өткен тақырыптарды талдап, қайталау қорытындылауға арналады.

Аптасына 1 сағат, барлығы- 34 сағат

Курстың тақырыптық – күнтізбелік жоспары

№	Тақырыбы	Сағат саны	Күні	Үйге тапсырма
1.	<i>Kіріспе</i>	1		
I ТАРАУ: Орта ғасырлар кезеңі (12 сағат)				
2.	Халықтардың ұлы қоныс аударуы және Батыс Рим империясының күйреуі.	1		
3.	Қолөнердің ауыл шаруашылығынан бөлінуі және қалалардың пайда болуы.	1		
4.	Ислам діні және мұсылман әлемінің мәдениетінің даму кезеңі	1		
5.	Христиан шіркеуінің екіге бөлінуі. Крест жорықтарының Еуропа өркениетінің дамуына әсері.	1		
6.	Еуразия этносаяси картасының қалыптасуына монғол шапқыншылығының әсері.	1		
7.	Жүзжылдық соғыс және Еуропада абсолютизмнің пайда болуы.	1		
8.	XV ғ. Ресей: Кнәздіктен патшалыққа.	1		
9.	Шығыс абсолютизм. Осман империясы Шығыс әлемін қалай өзгертті?	1		
10.	Ұлы географиялық ашулар және отарлау жүйесінің пайда болуы.	1		
11.	Қайта өрлеу мәдениеті – өркениетке ашылған жол.	1		
12.	Ғылыми революция – тарихи жаһандану үдерісі.	1		
13.	Қайталау, қорытындылау	1		
II. ТАРАУ: Жаңа заман кезеңі (12 сағат)				
14.	Ағылшын буржуазиялық революциясы - капитализмге қадам жасау.	1		
15.	Өнеркәсіп төңкерісі және индустриалды қоғамның әлеуметтік құрылымы.	1		
16.	Ағартушылық дәуірі және жаңа революциялық идеялар.	1		
17.	АҚШ-тың құрылуы – демократияның жаңа формасының пайда болуы	1		
18.	Ұлы Француз революциясы – абсолютизмнің дағдарысының дәлелі.	1		
19.	Ұлы Петрдың «ұлы елшілігі» Ресейді қалай өзгертті?	1		
20.	«Темір канцлер» және Германияның бірігуі Еуропаның өзгеруіне қандай ықпал етті?	1		
21.	Ресейдегі басыбайлық құқықты жою Ресей экономикасын қалай өзгертті?	1		
22.	АҚШ-тағы азамат соғысы және құлдықты жою – адамзат тарихындағы ең жарқын адами фактор.	1		
23.	XIX ғасырдағы суретшілермен жазушылардың көзқарастары қоғамдық идеологияны қалай өзгертті?	1		
24.	Батыстық ғалымдар мен ойшылдардың ашқан ғылыми жаңалықтарының маңызы неде?	1		

III. ТАРАУ: Қазіргі заман кезеңі (8 сағат)

25	XX ғасырдың басындағы азулы капиталисттік елдердің арасындағы қарама – қайшылықтар және бірінші дүниежүзілік соғыс.	1		
26	1917 жылғы Ресейдегі революциялар және Азияның оянуы.	1		
27	Социалистік шаруашылықтың даму ерекшелігі. КСРО –дағы ЖЭС, ұжымдастыру және индустрияландыру шаралары нені өзгертті?	1		
28	Фашизмнің пайда болуы және екінші дүниежүзілік соғыс.	1		
29	Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі екі полюстік жүйенің пайда болуы. «Қырғи қабақ соғыс».	1		
30	Ғарышты игеру. КСРО-ның ғаламшардағы көшбасшылығы.			
31	Екі полюсті әлемнен көпполюсті әлемге бағыт алу «Қырғи қабақ» соғыстың салдары.	1		
32	ҒТР – ғылыми – техникалық прогресстің жаңа кезеңі.	1		
33	КСРО-ның ыдырауы және әлемдік жаһандану үдерісі.	1		
34	<i>Курс бойынша қорытындылау</i>	1		

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Р.Т. Айтпай, Ә.К. Қасымова «Дүние жүзі тарихы» оқулығы, 7-сынып, Алматы «Атамұра» 2017 ж.
2. Н.Адалбек, К.Мақашева, Қ.Базақова «Дүние жүзі тарихы» оқулығы, 8-сынып, «Мектеп» 2018 ж.
3. Н.Адалбек, К.Мақашева, Қ.Базақова «Дүние жүзі тарихы» оқулығы, 8-9 сынып, «Мектеп» 2019 ж.
4. «История СССР» оқулығы, авторы Б.А.Рыбаков, 8 сынып Москва, «Просвещение», 1991 ж.;
5. О.С.Сорока – Цюп «Мир в XX веке» оқулығы (10-11 сынып), Москва «Просвещение», 1996 ж.
6. История СССР с древнейших времен до 1861 года» П.П. Елифанов, П.И.Кабанов, Москва, «Посвещение», 1983 ж.;
7. История СССР, Эпоха социализма. С.А.Сераев, Москва, «Просвещение», 1983 ж
8. Интернет сайттар: WWW.Elim.KZ., /znaniya.com, studopedia.ru/4, www.studfiles.ru/preview ifreestore.net nikulins.ucoz.ru/publ/istorija_kazakhstana/istorija;